

Менің

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

Газет 1967 жылдың  
6 сәуірінен бастап шығады

# УНИВЕРСИТЕТИМ

## «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» Жастар жылының ашылу салтанатын ҚазАТУ жастары онлайн қосылу арқылы тамашалады



2019 жылы 23 қаңтар күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен өткен «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» Жастар жылының ашылу салтанатын ҚазАТУ жастары онлайн қосылу арқылы тамашалады. Шараға 2000-нан астам ҚазАТУ-лық студент жастар мен жас ғалымдар, оқу орданың профессорлық-оқытушылар құрамы қатысты.

Ашылу салтанатында әртүрлі салада жетістікке жеткен жастар өз жетістіктерін баяндап, жаңалықтарымен бөлісіп, көңілге қонымды ұсыныстарын да білдіре алды.

Шара барысында жастардың білім алуы, тұрақты жұмысқа орналасуы, баспана және отбасын құру мәселесіне баса назар аударылды. Алдағы уақытта жұмыспен қамту және өз ісін ашуға мүмкіндік жасау мақсатында «Жас кәсіпкер» бағдарламасы іске қосылып, бітіруші түлектерді кәсіпкерлікке баулу мақсатында 32 миллиард теңге бөлінетін болады. Сондай-ақ Н.Ә.Назарбаев Астана, Алматы және Шымкентте жұмыс істейтін жастар үшін жылына бір мыңнан кем емес пәтер салуды тапсырды. Одан бөлек, еліміздің туризм саласын дамыту керектігін алға тартты.

Шара соңында Ұлт көшбасшысы жастарға табысты еңбек тілеп, ақ батасын берді.

Онлайн көрсетілімнен кейін студент жастар арнайы талқылау ұйымдастырып, көтерілген келелі шараларға жоспар жасап, алға қойған мақсаттарын ортаға салды.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» жастар жылының ашылу салтанатында Елбасы қозғаған білім, денсаулық, агроөнеркәсіп, экономика, әлеуметтік және өзге саладағы тың бастамалар оқу ордамыздың студенттері мен жас ғалымдары арасында қолдау тауып отыр.

*Бота Жұмабайқызы*



## Жыл қорытындысы бойынша ҚазАТУ-дың үздіктері марапатталды



2018 жылы 26 желтоқсан күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің жаңа жылдық мерекелік кеші өтті. Мерекелік шара барысында оқу жылының қорытындысы бойынша үздік деп танылған профессорлық-оқытушылар құрамы, кураторлар, факультеттер мен кафедралар марапатталды. Университет ректоры А.Қ.Күрішбаев оқу орны ұжымын жетістіктерімен құттықтап, жеңімпаздарға Басқарма атынан марапаттар тапсырды.

«Үздік факультет» атағын жоғары оқу орнындағы 8 факультет арасынан Агрономиялық факультет ие болды. Айта кету керек, Агрономиялық факультет бес жыл бойы үздіктер қатарынан көрініп келеді. II орынды Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті иеленіп, III орын Экономикалық факультетке

бұйырды. Аталмыш факультет ғалымдары түрлі ғылыми бағыттарда белсенді жұмыс істейді және жарық көрген ғылыми мақалалар мен әдістемелік-оқу құралдарының саны жағынан да алдыңғы қатарда.

«Үздік кафедра» атағына «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы» кафедрасы лайық деп танылған. II орын «Өсімдік қорғау және карантин» кафедрасы еншісінде, III орынды «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасы иеленді. Аталған кафедралар – ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі мен ғылыми жетістіктерінің сапасы жағынан да жетекші кафедралар. Және олар өздерінің зерттеу жұмыстарын танымал шетелдік ғалымдармен бірлесе жүргізеді.

2018 жылғы үздік оқытушылар атағына профессор, орман ресурстары және орман шаруашылығы кафедрасының меңгерушісі Д.Н.Сарсекова, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кафедрасының меңгерушісі Г.Е.Мырзабекова, жылу энергетика кафедрасының аға оқытушысы Р.Ә.Өмірзақов, физика-математика ғылымдарының кандидаты, жоғары математика кафедрасының доценті Е.Ә.Ақжігітов, техника ғылымдарының докторы, сәулет және дизайн кафедрасының профессоры Ш.Ж.Сұранқұлов ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кафедрасының аға оқытушылары Ә.Е.Көксеген, А.Г.Шаушенова, Л.К.Тәжібай, Г.Қ.Мұратова, А.М.Джумағалиева лайық деп танылды.

«Ең нәтижелі оқулық авторы» атағын 6 оқулық авторы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, өсімдік қорғау және карантин кафедрасының меңгерушісі Қ.М.Мұсынов жеңіп алды. Оқулықтардың 3-і ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен басылса (1 – ағылшын тілінде, 2 – қазақ тілінде), 3 оқу құралы С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ Ғылыми кеңесінде бекітіліп, ЖОО-дарына арналған оқу құралы ретінде шығарылған.

«Ең нәтижелі ғалым» атағын Саяхат Оразұлы Нүкешев, Талғат Аманжолұлы Құсайынов, Балджи Юрий Александрович алды.

«Үздік мақала авторы» атағына ISI Web of Knowledge Thomson Reuters қорына енген, шетелдік мерзімдік басылымдардың 4,291 көрсеткіші берілген ғылыми мақалалар авторлары А.Қ.Күрішбаев, С.А.Джатаев, А.С.Турбекова, А.Х.Жумалин, В.Т.Хасанов ие болды.

Тіл дайындығы бойынша үздіктер қатарында ф.ғ.к., доцент А.Ш.Әлбекова, орыс тілі және әдебиет магистрі А.С.Алдабергенова, ф.ғ.к., доцент М.Қ.Акошева, шетел тілдері бағытында шетел тілдер кафедрасының аға оқытушылары ф.ғ.к., Е.Б.Тяжина, С.К.Рүстемова, З.Б.Хамзина болды.

«Үздік куратор» атағын жылу энергетика кафедрасының аға оқытушысы Р.Ә.Өмірзақов, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі Н.Т.Әкіжанова, Стандарттау, метрология және сертификаттау кафедрасының ассистенті Ж.Т.Ибраева иеленді.

«Үздік жаттықтырушы» атағымен ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы А.С.Шқурков, дене тәрбиесі кафедрасының оқытушылары Е.К.Сатбаев, Ж.Д.Ибраев, Д.К.Сатбаев, С.Д.Сулейменов марапатталды.

Барлық жеңімпаздарға дипломдар мен сертификаттар тапсырылып, бағалы сыйлықтар берілді.

Барша әріптестерімізді лайықты марапаттарымен құттықтап, келер 2019 жылға сәттілік, табысты еңбек тілейміз!

## Ректор КазАТУ встретился с активом университета



В январе текущего года Ректор Куришбаев А.К. встретился с активом университета, где были озвучены достижения университета, долгосрочные планы и академическая политика. В КазАТУ особое внимание уделяется вопросам дисциплины, честности и справедливости.

Академическая политика в первую очередь охватывает как руководство вуза, так и профессорско-преподавательский состав университета, а также обучающихся.

В ходе совещания Председатель Правления ознакомил с приобретенным современным оборудованием для центров и лабораторий агрономического, технического, энергетического факультетов, ВиТЖ, УЗРАИД и студенческой поликлиники, в целях укрепления материально-технической базы университета и развития вуза. «Студенческая поликлиника, созданная по новым технологиям, будет оказывать услуги не только студентам, но и преподавателям и сотрудникам», - сказал Куришбаев А.К.

В 2017-2018 годы для оснащения научно-практической лаборатории и приобретения оборудования было потрачено более одного миллиарда тенге. «Теперь необходимо не только работать, но и активизировать научные проекты», - отметил ректор вуза.

### Финансирование научных исследований университета (2017-2018 годы)


№	Наименование программы	2017 год		2018 год	
		Кол-во проектов	Объем финансирования, млн. тенге	Кол-во проектов	Объем финансирования, млн. тенге
1	217 Развитие науки, модернизация 101 «Программы целевого финансирования субъектов муниципальной научно-технической деятельности», МОН РК	1	80 000,00	2	118 000,00
2	217 Развитие науки, модернизация 101 «Стратегическое финансирование научных исследований», МОН РК	48	307 844,07	24	198 000,00
3	240 200 - «Инициативы научные исследования в области АПК», МСХ РК, в качестве соинициатора	13	69 732,82	16	124 426,75
4	«Финансирование научных исследований в области АПК», МСХ РК, в качестве административного партнера	-	-	4	521 065,90
5	Международные проекты (ИФР)	1	6 986,07	2	4 848,71
6	Проведение обучающих семинаров, ПРООН	2	8 460,02	-	-
7	Договоры с соинициаторами субсидии	26	44 242,65	23	138 012,37
Итого		88	507 065,51	71	1 004 353,73



Лаборатория оснащена современным оборудованием и приборами (ферментер на 125 литров, лиофильная сушка, модуль микрофльтрации, термостаты, ламинар бокс, микроскоп, шейкеры, автоклавы, дистиллятор и т.д.)



С января 2019 года студентов КазАТУ обслуживает Городская поликлиника №5



В Студенческой поликлинике работают 4 терапевта, 8 медицинских сестер

## ҚазАТУ мен Милан Университеті (Италия) арасындағы қос дипломдық бағдарламаның алғашқы түлектері



2018 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде 6M070300-«Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша Милан Университетімен (Италия) қос дипломдық бағдарламаның алғашқы түлектері оқу бітірді.

2018 жылғы 28 желтоқсанда өткен Ғылыми кеңесте «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ Басқарма төрағасы А.Қ.Күрішбаев 6M070300-«Ақпараттық жүйелер» мамандығының 4 магистрантына: Жаппарқұлов Қазыбек, Байдулла Қазыбек, Аркен Гүлназ, және Амангелдинова Индираға Милан Университетінің (Италия) дипломын табыстады.

Халықаралық ынтымақтастықты және көптілді оқытуды дамыту орталығы басшысы С.Ә. Мейрамова, сондай-ақ КЖЖКББ факультеті, атап айтқанда, «Ақпараттық жүйелер» кафедрасы осы бағдарламаны ұйымдастыру бойынша орасан зор жұмыстар атқарды. Сондай-ақ, Милан университетінің профессорлары Стефано Феррари және Франческо Пьюри өз үлестерін қосты.

Жыл сайын С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ басшылығы шетелдік серіктес университетпен бірлесе отырып, аталған қос дипломды білім беру бағдарламасының жұмыс істеуі мен дамуына қаржы бөліп отырады.

Бағдарламаға қатысушылардың барлығына табыс, жемісті ынтымақтастық тілейміз. Біздің университетіміз гүлдене берсін!



## Тұңғыш қазақ генералына арналған кеш



Студенттер мен жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мақсатында 2019 жылы 22 қаңтар күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Әскери кафедрасында тұңғыш әскери генерал-қазақ Шәкір Жексенбаевқа арналған кеш болып өтті.

Іс-шараның өтуіне аңыз тұлғаның жақын туысқаны – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, техникалық ғылымдардың докторы Айтқалиев Ермек Сатпайұлы мұрындық болды.

Кездесу барысында профессор Е.Айтқалиев Ш.Жексенбаевтың өмірбаянына, әсіресе оның Ұлы Отан соғысы кезіндегі көрнекті қолбасшы, химиялық қару-жарақ пен одан қорғану саласының білікті маманы болғандығына тоқталды. Оның өмірі қызықты және көп



қырлы болды. Шәкір он жеті жасында өз еркімен Қызыл әскер қатарына алынып, жиырма жасқа толар толмаста тұңғыш қазақ кавалериялық дивизиясының взвод командирі лауазымын атқарды. Кейіннен командалық құрамның барлық сатыларынан өтті. Бойындағы таланты, кәсібилігі және соғыс жылдарындағы қол жеткізген ерекше нәтижелері үшін 1943 жылы оған кеңес генералы атағы берілді.

Генерал-майор Ш.Жексенбаев өзінің қажырлы еңбегімен және терең білімдерімен елдің қорғаныс қабілетіне баға жетпес үлес қосып, сол кездегі КСРО-ның жоғары дәрежелі қолбасшылардың

құрметіне ие болды. Оның соғыс кезіндегі әскери шеберлігі мен батылдығы жоғары бағаланып, 7 орден (Ленин, Төрт - Қызыл Ту, 1- әрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз) және 10-нан астам медальдармен марапатталған. Сондай-ақ, дәріскер оның бейбіт уақыттағы қызметі туралы айтып берді.

Кездесуге қатысушылардың барлығы тұңғыш қазақ генералының кейінгі ұрпаққа беймәлім өмір тұстары мен қызметі туралы, Ұлы Отан соғысының оқиғалары мен көрнекті тұлғалардың жасаған қызметтері туралы біраз мәлімет алып бір жасап қалды.

Кеш соңында әскери кафедраның 2 курс оқу взводтарының студенттері дәріскерге жан-жақты сұрақтар қойды. Бұл іс-шара генерал-майор Ш.Жексенбаевтың жеке басына деген қызығушылық тудырды.

Кешке студенттерден басқа, әскери кафедра бастығы отставкадағы полковник Т.А.Дуламбаев, әскери кафедра бастығының орынбасары запастағы полковник Б.Ж.Қасымқанов, кафедра бастығының оқу бөлімі жөніндегі орынбасары запастағы полковник Қ.Д.Ерғалиев, жалпы әскери және автомобиль циклдерінің бастықтары мен кафедра оқытушылары шақырылды.

Біз даңқты батырларымыздың есімдерін мақтан тұтамыз және ешқашан да ұмытпаймыз!

### *Әскери кафедра*



## Астана

Орын теуіп Есілдің жағасынан,  
Жаңа қала орнады жанып тұрған.  
Бәйтерегі сән беріп, көк тіреген  
Артық қала жоқ маған Астанадан.

Арман қала атандың жастарыма,  
Өсіп келе жатырсың жылдан-жылға.  
Келген қонақ қыдырып шетелдерден,  
Риза болып қайтады Астанадан.

Жасыл желек айналасы арайлы,  
Барлық әлем қызығады, қарайды.  
Соның бәрі Елбасының арқасы,  
Астананы баласындай санайды.

Міне осындай Астанасы қазақтың-  
Артта қалды бодан-бұлық азап күн!  
Мақтанамын туғанымға қазақ боп  
Бақыттымын, ең бастысы азатпын!

*Ветеринария және мал  
шаруашылығы технологиясы  
факультетінің 3 курс студенті  
Қадірбекқызы Айгерім*



*С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының  
«Менің университетім» газеті.*

*Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,  
16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығы.*

*Редакторы - Б.Хабай, шығарушы редакторлар: Е. Мұратқызы, Б. Жұмабайқызы,*

*Дизайн және беттеуші - А. Әрмияқызы,*

*редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,*

*Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.*

*Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.*